ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 05 қаңтар № 1112-24-00-2/3758 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева
сот отырысының хатшысы Ш.Шарипованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Qaz Finance Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Н.Карабекова
Жауапкердің өкілі А.Б.Жапаева, М.Ж.Жанат

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) мен «Qaz Finance Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі Орындаушы) арасында 2024 жылғы 25 қыркүйекте 91 840 000 теңгеге № 116 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер қазынашылықта тіркелген күннен бастап 90 күнтізбелік күн ішінде тауарды (Сығылған ауаның тыныс алу аппараты) жеткізуге міндеттенді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінде шарт 2024 жылдың 26 қыркүйекте тіркелген.

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 13.01.2025

Жауапкер тауарды жеткізген жоқ.

Жауапкер Ресей Федерациясына қатысты енгізілген санцияларға және Еуропалық стандарттың рұқсан құжаттарын беру рәсіміне толық тоқталғанына байланысты қалыптасқан жағдайлар туындағанына байланысты шартты бұзу туралы 2024 жылғы 09 қазандағы I10-09 хатты жолдады.

Тараптар 2024 жылдың 10 қазанында шартты бұзу туралы қосымша келісім жасасты

Талапкер жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап арызды қолдады.

Сот отырысында жауапкер талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Азаматтық кодекстің 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, жауапкер шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заныныңа 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Сот жауапкердің шартты өзара бұзу туралы уәждерін ескермейді, өйткенішарт жасасу кезінде жауапкер шарттың талаптарымен келісіп, оны

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 13.01.2025

орындауы бойынша міндеттемелерді қабылдаған. Алайда, тауарды жеткізу мүмкін болмағандықтан, оның бастамасымен келісім шарт бұзылған. Бұл әрекеттер жауапкердің кінәсінен мемлекеттік сатып алу мақсатына қол жеткізілмегендіктен талапкер үшін жағымсыз салдарға әкеп соқты.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар бойынша, талапкердің мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 229 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Qaz Finance Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Qaz Finance Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Qaz Finance Services» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) прокурордың өтінішхаты беруі мүмкін.

.

Судья А.С.Бегенбаева

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 13.01.2025